

*А. Қ. ҚАЛИЕВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ  
ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫНАЛА ТЕРГЕУ КАФЕДРАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ;  
Е. М. ЕРЕЖЕПОВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
МАГИСТРАНТЫ*

## ІСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібінде — негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды және олардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен ақтауға, сондай-ақ, заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген<sup>1</sup>.

Осыған орай куәнің қауіпсіздігін реттейтін заңнаманың тиісті деңгейде жетілдірілмеуі және осы салада жасалатын қылмыс ауқымының өсуі азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне, тіпті өмірінің қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Оны өкінішке орай тәжірибеде болып жатқан кейбір жағдайлардан байқауға болады. Қалыптасқан жағдай куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды барынша күшейтуді көздейді. Бұл міндетті шешуде куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуші органдардың, соның ішінде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының өзге мемлекеттік органдарымен өзара әрекеттестікті орнатуды қажет етеді.

Құқық қорғау және мемлекеттік бақылаушы органдардың қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметтері, олардың өзара ойластырылған әрекеттеріне байланысты болып келетінін көрсетті. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының іс-қимылдарының тәртібі, әрекеттесуші тараптардың ортақ міндеттерін шешудегі өкілеттіліктерін, әрекеттестіктің мақсаты мен оны іске асырудың ұйымдастыру тетіктерінің әрбір органның ведомстволық актілерінде, бірлескен бұйрықтарда және қаржы саласындағы қылмыстар мен құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу бағытындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде көрініс тапқан. Куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесу шаралары мемлекет тарапынан қорғалуды және елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуін көздейді.

Еліміздегі тергеу тәжірибесі тұрғысынан алынған қорытындыларға байланысты қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында құқық қорғау органдарының қажетті жүйесіне байланысты бір тергеушінің немесе бір ғана анықтау органы бастығының күші мен құралдары жеткіліксіз екендігі байқалады. Ол жағдай бәрімізге мәлім. Тек барлық күш пен құралдар-

ды жұмыла отырып қолдануда және іске қатысушылардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауда ғана қажетті мақсатқа жетуімізге болады.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғауға алуды ұйымдастыру кезінде қылмыстық істің ерекшеліктері немесе құрылымын ескеріп, ал құқыққа қарсы әрекет жасаушының дайындық жағдайын немесе әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігін ескеру қажет емес. Сонымен қатар қылмыстық іске қатысы бар құқық қорғау органдарының әрқайсысының ұйымдастырушылық қызметтеріне тән қағидаларын, жағдайлары мен мақсаттарын ескере отырып, куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғарғы тиімді шаралар қолданылуы керек.

Осыған байланысты жедел жағдайдың көрсеткен кезде қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында осы қызметке қатысы бар органдардың қарым-қатынастары дұрыстығын анықтау керек. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғауға алу мақсатында органдардың қарым-қатынастары ведомствоаралық бұйрықтары немесе нұсқауларын реттеуші реттелуін орындауда жоғарыда көрсетілген қарым-қатынастарды жүзеге асыратынын көрсетуге болады.

Іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жүргізілетін тергеу барысында, тергеу әдістемесіндегі заңдылықтарды қатаң түрде сақтау, оларды жоспар бойынша ұйымдастырылуы қажет. Бұл талаптардың әдістемелік мәні — тергеу барысында қолданылатын тәсілдер мен әдістер тек заңға ғана емес, сонымен қатар тергеу этикасының нормаларына да қайшы келмеуі тиіс.

Сондықтан, алдын ала тергеу барысында іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында тергеудің жеке әдістемесінің келесі мәліметтер мен ақпаратты қолданған тиімді:

тергеуді жоспарлау және жобалаудың әртүрлі кезеңдерінде пайда болатын типтік тергеулік оқиғаларды айқындай отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

дәлелдеуді және басқа іске қажетті ақпараттарды жинақтаудың бастапқы және кейінгі әдістерін айқындай отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

жеке тергеу әдістері мен тактикалық операцияларды жүргізу барысында куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тергеушілердің жедел іздестіру органдарымен байланыстарының тактикалық және әдістемелік ерекшеліктерін қарастыру;

тергеу кезінде куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы білімді қолдану;

берілген қылмыстың алдын алу ерекшеліктерін айқындай отырып, куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ұйымдастыру шараларын қарастыру.

Қылмыстық істі жүргізуші орган қорғалатын адамдарға қатысты нақты қатер төнгендігін айғақтайтын деректер жеткілікті болған кезде, өтінішті алған соң, оны алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, аталған адамға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану не одан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Кідіруге болмайтын жағдайларда, дереу қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешім қабылданады. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуші орган қауіпсіздік шараларын қолдану туралы нақты адамға қатысты нақты қауіпсіздік шаралары мен оларды қолдану мерзімдері туралы көрсетілген қаулы шығарады. Тиісті қаулының көшірмесін жолдай отырып, өтініш білдірушіге дереу хабарланады. Қорғалатын адамның қауіпсіздігі мақсатында оған орындалуы міндетті нұсқама беріледі. Қорғалатын адамның өтініші бойынша нұсқамаға өзгерістер тек қауіпсіздікті қамтамасыз етуші органның келісімімен ғана енгізілуі мүмкін.

Қылмыстық істі тергеу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қауіп-қатердің нақты дәрежесі туралы қолдағы ақпараттарға қарамастан құқық қорғау органдары тиісті шара қабылдауға міндетті. Егер қауіп куәнің балаларына төніп тұрған болса, ата-аналары сабыр сақтап, балаларын мектепке, балабақшаға, барып жүрген үйірмелеріне, сол аймақтан тысқары жерлердегі балалардың денсаулығын нығайту орындарына жіберуден қалыс қала тұрғаны жөн болады. Отбасының кәмелетке толған мүшелеріне қауіп төнген жағдайда оларға мүмкін деген қауіп-қатердің сипатын түсіндіріп, хабарлап, қауіп-қатердің сипатына қарай тиісті мынадай шаралар қабылдау керек: оларды басқа жерге орналастыру, басқа жерге демалуға жолдама алып беріп, жіберу, жеке күзет тағайындау жолдарымен қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі қажет.

Осы жоғарыда айтылған жағдайлар мен шарттар қылмыстық сот ісін жүргізудегі барлық объектілер қауіпсіздігінің қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған ұсынымдардың жалпы жүйесін жасау қажеттігін анықтады. Қылмыстық іс жүргізудегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар жүйесі қолданыстағы ғылыми тұжырымдарды талдап және жүйелендіріп игеруге арналған зерттеу жұмыстарының жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді деген ойдамыз.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы..